

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасының Үкіметі арасындағы Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтарды алудың принциптері туралы келісімді бекіту жөнінде

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 қарашадағы N 290-І Заңы

Кишинэуде 1997 жылғы 12 маусымда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасының Үкіметі арасындағы Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтарды алудың принциптері туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Молдова Республикасының Үкіметі арасындағы
Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің)
экспорты мен импорты кезінде жанама
салықтарды алудың принциптері туралы
Келісім**

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 1999 ж., N 5, 93-құжат)
(1998 жылғы 25 қарашада күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 71 бет)
(Келісім 1998 жылғы 25 қарашадан бастап күшіне енді -
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары
бюллетені, 2003 ж., N 12, 88-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасының Үкіметі, экономиканың интеграциясын одан әрі тереңдетуге, шаруашылық субъектілері үшін тең мүмкіндіктерді орнатуға және халықаралық сауданың жалпы қабылданған нормалары мен қағидаларын нысанаға ала отырып, адал ниетті бәсекелестік үшін жағдай жасауға ұмтыла отырып, төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап

Жалпы айқындамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

а) "жанама салықтар" термині қосылған құнға салықты және акцизді (акциздік

салықты немесе алымды) білдіреді;

б) "нөлдік ставка" термині Тараптардың салық туралы заңдарымен белгіленген тәртіппен көзделгендей, 0% ставкасы бойынша қосылған құнға салынған салықты білдіреді;

в) "жеткізілетін пункт принципі" термині бір Тараптың кедендік аумағынан тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) экспорттау кезінде нөлдік ставканы қолдануды және екінші Тараптың ішкі заңдарымен белгіленген қолданыстағы ставка бойынша импорттау кезінде салық салуды білдіреді;

г) "құзыретті органдар" термині Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін, Молдова тарапынан - Молдова Республикасының Қаржы министрлігін білдіреді.

2-бап

Экспорттау кезінде салық алу принципі

Бір Тарап екінші Тараптың аумағына экспортқа шығарылатын тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) нөлдік ставка бойынша қосылған құнға салық салатын болады, экспортқа акциздік салық салынбайды.

3-бап

Импорттау кезінде салық алу принципі

1. Тараптардың бірінің аумағына импортталған, екінші Тараптың аумағынан экспортталған тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) импортшының елінде оның заңдарына сәйкес жанама салықтар салынады. Салық салуды осы Тараптың кедендік аумағына тауарларды әкелу кезінде кедендік органдар жүзеге асыратын болады.

2. Екінші Тараптың аумағынан экспортталған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) импортына салық салу кезінде Тараптар өздерінің аумақтарында жасап шығарылған (сатылған) тауарлар (жұмыстар, қызметтер) үшін белгіленген салық ставкаларын қолданатын болады.

4-бап

Даулы мәселелерді шешу

1. Тараптар өздерінің заңдары шеңберінде алдағы уақытта үшінші елдермен сауда жүргізу кезінде салық салу мәселелеріне қатысты жанама салық салудың ұқсас жүйесін құруға, сондай-ақ осы Келісімде аталған принциптерді ішкі салық заңдарына енгізуге бағытталған, келісілген іс-әрекеттерді қолданатын болады. Құзыретті органдар салық заңдарын сақтау мәселелері жөніндегі ынтымақтастық пен өзара көмек саласында бұрынырақ қол жеткен уағдаластықтардың ережелерін ескере отырып, осы тармақтың

қолданысының нақты тәртібін жасайды.

2. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты барлық даулар мен пікір алшақтықтары Тараптар арасында консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

5-бап

Қорытынды ережелер

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалды және оны күшіне енгізу жөнінде барлық қажетті ішкі мемлекеттік процедуралардың орындалғаны туралы Тараптар хабарлаған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім оның күшіне енген күннен кейін ұсынылған тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) ғана қатысты қолданылады.

Әрбір Тарап Келісім қолданылған кезде туындаған қаржылық және өзге де міндеттемелерді реттеп, шығуына дейін алты айдан кешіктірмей екінші Тарапқа жазбаша хабар жіберген соң осы Келісімнен шыға алады.

Кишинэу қаласында 1997 жылғы 12 маусымда екі түпнұсқа данада әрқайсысы қазақ, молдован және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісімнің қазақ және молдован тілдеріндегі мәтіні бойынша Тараптар арасында пікір қайшылығы пайда болған жағдайда орыс тіліндегі мәтін негізге алынады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Молдова Республикасының

Үкіметі үшін